

4) режимдік аумаққа кіргізуге (әкеліп кіргізуге) тыйым салынған заттардың тізбесін белгіледі;

5) ҚАЖ режимдік объектілерінің аумағын күзетуді;

6) БӨБ-де қызметкерлердің, қызметке жіберілген адамдардың және азаматтардың жеке заттарын сақтау камераларын жабдықтауды;

7) радиотехникалық байланыс құралдарын, кино, фото, бейнеге түсірулерді заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауды көздейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. ҚАЖ режимдік объектілеріне түзеу мекемесі және оның аумағы, әкімшілік ғимараттар, құрылыстар, шаруашылық объектілері, сондай-ақ оларға қарайтын аумақ жатады.

3. Режимдік объектілер қаруланған күзеті бар объектілер (түзеу колониялары, тәрбие колониялары, түрмелер және тергеу изоляторлары) және ТМ әкімшілігінің қадағалауындағы объектілер (қоныс колониясы, әкімшілік ғимараттар, құрылыстар, шаруашылық объектілері, сондай-ақ оларға жататын аумақ) болып бөлінеді.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. Түзеу мекемесі және тергеу изоляторы әкімшілігінің қадағалауындағы ҚАЖ органдарының әкімшілік ғимараттары мен объектілеріне өткізу режимін ұйымдастыру

Ескерту: 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. ҚАЖ әкімшілік ғимараттары мен режимдік объектілеріне рұқсат мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ қызметкерлері ҚАЖ органдарының әкімшілік ғимараттары мен объектілеріне қызмет куәлігін көрсету негізінде кіруге құқығы бар;

2) азаматтарға әкімшілік ғимараттарға, сол сияқты режимдік объектінің аумағында болуға міндетті түрде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен, Келушілерді есепке алу журналына тіркегеннен және арнайы

рұқсат қағаз алғаннан кейін ғана рұқсат беріледі;

3) азаматтарды рұқсат қағаз алғанынан кейін лауазымды адам қабылдайды. Бұл адамдардың әкімшілік ғимараттың аумағы бойынша жүруі, олардың кіруі және шығуы ҚАЖ қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жүзеге асырылады;

4) басқа министрліктер мен ведомстволардың қоғамдық қадағалау комиссиясының мүшелерін, лауазымды адамдарының, сол сияқты шет елдік делегация өкілдерінің болуы ҚАЖ қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жүзеге асырылады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Күзетілетін түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторларында өткізу режимін ұйымдастыру

Ескерту: 3-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5. Қаруланған күзет күзететін түзеу мекемелеріне және тергеу изоляторларына өткізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: ҚАЖ қызметкерлеріне және азаматтарға кіруге арнайы рұқсат қағаздары бойынша рұқсат етіледі (2-қосымша):

1) тұрақты рұқсат қағазы - осы мекемеде тұрақты жұмыс істейтін басшы құрамға, инженерлік-техникалық қызметкерлерге және ерікті жалданушы құрамға ресімделеді. Рұқсат қағаз иесінің фотосуреті, ТМ және АИ мөрі және сол рұқсат қағазды беруге рұқсат еткен лауазымды адамның қойылған қолы болған кезде жарамды. Рұқсат қағаздың түсі - көк. Тұрақты рұқсат қағазы кемінде жылына бір рет қайта тіркелуге жатады;

2) уақытша рұқсат қағаз - уақытша жұмыс істейтін азаматтарға, сондай-ақ ТМ-не қызметке жіберілгендерге бір жыл мерзімге дейін кейіннен ұзартыла отырып ресімделеді. Рұқсат қағаз иесінің фотосуреті, ТМ мөрі және сол рұқсат қағазды беруге рұқсат еткен лауазымды адамның қойылған қолы болған кезде жарамды. Рұқсат қағаздың түсі - жасыл.

3) атауы жоқ рұқсат қағаздары (көрсетушіге) қылмыстық-атқару жүйесі орталық аппаратының қызметкерлеріне және ҚАЖ Комитетінің облыстар бойынша басқармаларының қызметкерлеріне беріледі. Атауы жоқ рұқсат қағазы оның иесіне бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын мекемелер мен органдарына арнайы рұқсатсыз келу құқығын қамтамасыз етеді. Рұқсат қағаз қызметтік куәлік, рұқсат қағазды беруге рұқсат берген орган мен лауазымды

адамның қолы болғанда жарамды. Түсі - қызыл. Атауы жоқ рұқсат қағазы кемінде жылына бір рет қайта тіркелуге жатады;

4) бір жолғы рұқсат қағаз - ТМ-не және АИ-НА кіруге рұқсат етілген а з а м а т т а р ғ а б е р і л е д і .

Берілетін, тапсырылған және алынған рұқсат қағаздарын есепке алу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ Комитетінің режим, қадағалау , және арнайы есепке алу басқармасына, тиісінше ҚАЖ Комитетінің облыстар бойынша режим және қадағалау бөлімдеріне жүктеледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Тұрақты және уақытша рұқсат қағаздарында өткізу режимін, БӨБ-де қарап-тексеруді реттеуге арналған шифрі бар кестелері болады, мынадай түрде т о л т ы р ы л а д ы :

1) 1-2-колонкалар - күзетілетін объектіге кіру уақыты;

2) 3-4-колонкалар күзетілетін объектіден шығу уақыты;

3) 5-колонка - "К" әріпі оның иесі 1-2, 3-4 колонкаларда көрсетілген жұмыс уақытының барлық кезеңінде объектіге еркін кіруге және шығуға құқығы бар е к е н д і г і н к ө р с е т е д і ;

4) "К" - диагональ бойынша (кіру-шығу) бір сызықпен сызылған, рұқсат қағазының иесіне ТМ және АИ күн тәртібіне сәйкес түскі асқа (түскі астан кейін) ғ а н а к і р у г е р ұ қ с а т е т і л е д і ;

5) "К" - диагональ бойынша (кіру-шығу) екі сызықпен сызылған - 1-2, 3-4 колонкаларда көрсетілген жұмыс уақытының барлық кезеңінде объектінің аумағынан шығуға тыйым салынады;

6) "Қ" әріпі (қарап-тексеру) - ТМ және АИ аумағына папкаларды, портфелдерді, дипломаттарды, сөмкелерді қарап-тексерусіз енгізуге рұқсат е т і л е д і ;

7) "Қ" - диагональ бойынша бір сызықпен сызылған ТМ аймағына папкаларды, портфелдерді, дипломаттарды, сөмкелерді міндетті түрде қарап-тексеріп енгізуге рұқсат етіледі;

8) "Қ" - диагональ бойынша екі сызықпен сызылған - папкаларды, портфелдерді, дипломаттарды, сөмкелерді енгізуге тыйым салынады;

9) 6-7 колонкалар - ұсынылатын рұқсат қағаз жарамды болатын мекеменің шартты атауының екі соңғы цифрлары (мысалы: 159/11-11).

Айына кемінде бір рет ТМ және АИ режим бөлімі бастығы берілген рұқсат қағаздардың сәйкестігін Рұқсат қағаз беру журналы бойынша тексереді (3 - қ о с ы м ш а) .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі

13. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сол мекемелерінің әкімшілігінің, немесе қылмыстық-атқару жүйесінің жоғарыда тұрған органдарының арнайы рұқсаты бойынша жазаны орындайтын мекемелерге және тергеу изоляторларына келуге құқылы. Рұқсат қағазы осы мекемеге келу мақсатымен, танысқылары келетін ақпараттың тізбесі мен сипатымен танысқаннан кейін беріледі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

14. Шет ел делегациялары, шет елдерінің азаматтары ҚАЖ режимдік объектілеріне келуі мынадай жүзеге асырылады:

1) шет ел азаматтары шет елдерінің дипломаттық өкілдері ТМ және АИ келу мәселелері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы шешіледі;

2) ҚАЖ Комитетінің басқармалары, ТМ және АИ шет ел адамдарының келу туралы өтініштерін ҚАЖ Комитетімен келісуінсіз қарамауға тиісті.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

15. Шет елдік делегациялар мен шет елдік азаматтарды қабылдау жөніндегі міндеттерді орындау үшін арнайы бөлінген (тағайындалған) ҚАЖ бөлімшелерінің қызметкерлері ТМ және АИ (5-қосымша) келуді есепке алу журналы мен ТМ және АИ объектілеріне шетелдіктердің келуін есепке алу журналы бойынша кездесулердің есепке алуын жүргізеді. Аталған қызметкерлер:

1) шетелдіктермен жұмыс істеуде қатысатын мекеме қызметкерлерінің режимдік талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

2) түзеу мекемелеріндегі және тергеу изоляторларындағы мемлекеттік құпиялары сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі режимдік іс-шаралардың жоспарларын әзірлеу және орындау барысын бақылауға, шетелдіктерді қабылдауға байланысты қосымша шараларды қабылдауға;

3) мекеменің жұмысымен шетелдіктерді таныстырудың белгіленген тәртібі сақталуына бақылауды, олардың келу бағдарламасында көзделмеген және Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша шараларды шетелдіктердің өтініштері бойынша өткізуді жүзеге асыруға;

4) шетелдіктермен жұмыс істеу үшін кандидаттарды іріктеуге қатысуға. ТМ және АИ шетелдіктерді қабылдаудың орынсыздығы туралы, сондай-ақ режимдік талаптарды бұзғаны немесе басқа себептер бойынша мекеменің қызметкерлерін шетелдіктермен жұмыс істеуден оқшаулау туралы басшылыққа себептелген

ұсынымдарды енгізуге міндетті.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен , 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

16. Жақын туыстарымен кездесуге келген шет ел азаматтарына кездесу Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару заңнамасында көзделген тәртібінде беріледі .

17. Түзеу мекемелеріне және тергеу изоляторларына азаматтар мен өзге адамдардың келуі жұмыс уақытында түскі асқа үзіліс уақытынан басқа 9.00 сағаттан 17.00 сағатқа дейін, рұқсат етіледі.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

17-1. Көрсетілген азаматтардың келіп-кету және болу барлық жағдайларында ТМ және АИ әкімшілігімен олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Күзетілетін түзеу мекемесінің және тергеу изоляторының бақылау-өткізу пункті арқылы өту және қарап-тексеру өткізу тәртібі

Ескерту: 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

18. Түзеу мекемесіне және тергеу изоляторына келетін барлық адамдар, соның ішінде осы мекеменің қызметкерлері мен қызметшілері (жедел құрамнан басқа), тыйым салған заттарды өткізгені үшін жауаптылығы жөнінде ескертіледі. Стационарлық металодетектор арқылы өтеді, немесе БӨП-гі тасымалды металодетектормен тексеріледі. Тексеріс заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады .

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

19. Табелдік қарулары бар лауазымды адамдардың ТМ және АИ келуі объектіні күзету жөніндегі қарауыл бастығына сақталуға табелдік қаруды тапсырғаннан кейін жүзеге асырылады, бұл туралы қарауылдық үй-жайдағы "

Сақталуға тапсырылған қаруды есепке алу журналында" (6-қосымша) жазба жасалады. Қарауыл бастығы қарудың сақталуына және оны санкциясыз пайдалануы болдырмауына шаралар қолданады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

20. Рұқсат қағазының иесі немесе жеке басын куәландыратын құжатта күмәнданғанда БӨП күзетшісі қарауыл бастығына баяндайды және оны нұсқауы бойынша жұмыс жасайды.

21. Белгіленген үлгідегі рұқсат қағазы жоқ болғанда күзетілетін объектінің (ТМ және АИ) аймағына кіруге тыйым салынады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін жауаптылық

22. Қызметкерлердің және өзге адамдардың осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзған фактілері айқындалғанда бұзушылыққа жол берген адам объектіге өткізілмейді. Бұзушылыққа жол берген қызметкерлерді және өзге адамдарды жазалау туралы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

ҚР ӘдМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
2003 жылғы 7 қаңтардағы
N 6 бұйрығымен бекітілген
Арнайы рұқсат қағаздары
бойынша жазаны орындайтын
мекемелерге адамдардың
келу ережелеріне

1-қосымша

Келушілерді есепке алу журналы

рет.тік N	Дата	Келу	ҚР азаматы	Режим.тік	Келу	Еріп	Еріп	Режим.тік
	сы	шінің	жеке куәлі.	дік	мақса.	жүретін	жүретін	дік
	N	тегі,	гінің және	объек.ты	адамның	адамның	объек.ты	
		аты-	ҚР азаматы	тінің	тегі,	қолы	тінің	
		жөні	паспортының	айма. N	аты-жөні,	аймағы. N		
				ғына	атағы,	на шығу		

				кіру		лауазымы		уақыты	
				у а қ ы т ы					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

ҚР ӘДМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
2003 жылғы 7 қаңтардағы
N 6 бұйрығымен бекітілген
Арнайы рұқсат қағаздары
бойынша жазаны орындайтын
мекемелерге адамдардың
келу ережелеріне

2-қосымша

Рұқсат қағаз түрлері

Тұрақты рұқсат қағазы - Уақытша рұқсат қағазы

Сыртқы беті

Ішкі жағы

	Шифры	N ___ РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ
1		Атағы _____
2		Тегі _____
3		Аты _____
4		Әкесінің аты _____
5		Лауазымы _____
		6
7	Мекеме бастығы _____	
		М.О. " __ " _____ 20__ ж.

		К
		Қ

_____ 20__ " __ " _____
дейін жарамды

М . О . _____
ө з қ о л ы

АТАУЫ ЖОҚ РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ

Сыртқы беті

Ішкі жағы

N _____	Қызметтік куәлігін көрсету кезінде жарамды А Т А У Ы Ж О Қ Р Ұ Қ С А Т Қ А Ғ А З Ы ҚАЖ Комитетінің Төрағасы (Облыс ҚАЖБ бастығы)
	" ____ " _____ 20__ ж. м . о .

Бір жолғы рұқсат қағазы

Сыртқы беті

Ішкі жағы

N _____ бір жолғы рұқсат қағазы	N _____ бір жолғы рұқсат қағазына ұзу талоны
Қызметтік куәлігін көрсету кезінде жарамды	Қызметтік куәлігін көрсету кезінде жарамды
Т.А.Ә. _____	Т.А.Ә. _____
Мекеме бастығы _____	Мекеме бастығы _____
М . О .	М . О .

ҚР ӘдМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
 2003 жылғы 7 қаңтардағы
 N 6 бұйрығымен бекітілген
 арнайы рұқсат қағаздары
 бойынша жазаны орындайтын
 мекемелерге адамдардың
 келу ережелеріне

3-қосымша

Рұқсат қағаздарын беру журналы

Рет.	Беру	Рұқсат қағазын	Рұқсат	Рұқсат	Рұқсат қағазын
тік	датасы	беруге рұқсат	қағазы	қағазды	берген адамның
N	мен	еткен адамның	берілетін	алуда	аты-жөні, атағы
	уақыты	аты-жөні,	адамның	адамның	лауазымы, қолы
		атағы		аты-жөні	қолы

л а у а з ы м ы

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

ҚР ӘдМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
2003 жылғы 7 қаңтардағы
N 6 бұйрығымен бекітілген
арнайы рұқсат қағаздары
бойынша жазаны орындайтын
мекемелерге адамдардың
келу ережелеріне

4-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135
бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Рұқсат қағаздарын сақтауға арналған кассеталары

ТМ және АИ аумағында					ТМ және АИ аумағынан тыс				
N	А	Б	В	8.00-ден	N	А	Б	В	18.00 дейін
1	.								1 .
2	.								2 .
3	.								3 .
4	.								4 .
5	.								5 .
6	.				6.				20.00 дейін
7	.					7	.		-
8	.								8 .
9	.								9
10	.					18.00-ден			10.
11	.					-			11 .
12	.								12 .
13	.				13.				24.00 дейін
14	.					14	.		-
15	.								15 .
16	.								16 .
17	.								17 .
18	.								18 .
19	.					24.00-ден			19.

20.	-	20.	18.00 дейін
21.		21.	18.00 дейін
2 2 .			2 2 .
2 3 .			2 3 .
2 4 .			2 4 .
2 5 .			2 5 .
2 6 .			2 6 .

ҚР ӘдМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
2003 жылғы 7 қаңтардағы
N 6 бұйрығымен бекітілген
Арнайы рұқсат қағаздары
бойынша жазаны орындайтын
мекемелерге адамдардың
келу ережелеріне

5-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 135
бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

**ТМ және АИ объектілеріне шет ел адамдарының
келуін есепке алу журналы**

рет.тік N	Дата.сы	Келу.шінің тегі, аты-жөні	Жеке басын қуәлан. кудыратын құжат	Режимдік объектінің аймағы на кіру уақыты	Келу мақ.жүретін саты адамның аты-жөні,	Еріп адамның тегі, қолы	Еріп жүретін адамның аймағына қолы шығу уақыты	Режимдік объектінің аймағына шығу уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9

ҚР ӘдМ ҚАЖ Комитеті Төрағасының
2003 жылғы 7 қаңтардағы
N 6 бұйрығымен бекітілген
Арнайы рұқсат қағаздары
бойынша жазаны орындайтын
мекемелерге адамдардың

6-қосымша
Сақтауға тапсырылған қаруды
есепке алу журналы

Рет. тік N	Датасы	Келушінің аты-жөні	Қызметтік куәлігінің N	Қарудың маркасы мен зауыттық нөмірі
1	2	3	4	5

таблицаның жалғасы

Қаруын тапсырған келушінің қолы	Қаруды қабылдаған кезекшінің және қолы	Сақтау камерасындағы ұяшық N	Қаруын алғаны туралы келушінің қолы
6	7	8	9